

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 1621 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 332 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 қазандағы N 908 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 1621 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 47, 552-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасында:

"Қазақстанда жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісін қалпына келтірудің және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 5-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ", ИСМ, Қазақстан Шарап жасаушылар одағы (келісім бойынша)";

реттік нөмірі 7-жолдың 4-бағанындағы "ЭСМ" деген сөз "АШМ, ҚарМ, ИСМ" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі